

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



Кафедра: Терапиялық стоматология

Тақырыбы: Пародонтологиядағы иммунотерапия

Орындаған: Кеңесбаева М

Тексерген: Сапаева Н

Факультет: Стоматология

Курс: 5

Тобы: 12-002-01

ЖОСПАР:

- **I. Кіріспе**
- **II. Негізгі бөлім**
 - Пародонтологиядағы иммунотерапияда қолданылатын дәрі-дәрмектер
- **III. Қорытынды**
- **IV. Пайдаланылған әдебиеттер**



Иммунитеттің бұзылуымен байланысты емдік немесе профилактикалық мақсатта тағайындалатын химиялық немесе биологиялық иммуностропты активтілігі бар иммунотерапия деп атайды, препараттардың өзі төрт үлкен топқа жіктеледі:

- иммуномодуляторлар;
- иммунокорректорлар;
- иммуностимуляторлар;
- иммунодепрессанттар.



Иммуномодуляторлар — иммундық жүйенің функциясын қалпына келтіретін иммуотропты активті дәрілік затты айтады.

Иммунокорректорлар— иммуотропты қасиеті бар иммунды жүйенің нақты бір бұзылысын қалпына келтіреді (Т-жасушалы иммунитеттің компоненттері немесе субкомпоненттері, В-жасушалы иммунитетті , фагоцитозды, комплементті). Иммунокорректорлар — бұл иммуномодуляторлардың «нүктелік» әсері.



Иммуностимуляторлар— иммунды жауапты жоғарылатын дәрілер (дәрілік препараттар, тағамдық қоспалар, адьюванттар және басқа химиялық немесе биологиялық агенттер, стимулдайтын иммунды процесстер).

Иммунодепрессанттар — иммунды жауапты басатын дәрілер (спецификалық емес немесе иммунотропты әсер ететін дәрілік заттар, және басқа да түрлі химиялық немесе биологиялық агенттер).



Көптеген иммундық зерттеулер пародонт қабынуының орта және ауыр түрлері бар науқастарда иммундық қорғаныстың жетіспеушілігі орын алатынын анықтаған. Сондықтан иммунитетті реттеуші және жоғарылатушы препараттар тағайындаған да тиімді болады. Олар: натрий нуклеинаты, левамизол (декарис), продигиозан және пирогенал(белгілі схемамен), иммудон (жергілікті иммунитетті жоғарылатады), иммунал, циклоферон. Қазіргі кезде иммунитетті жоғарылатуға арналған көптеген өсімдіктерден, жануарлардан алынған препараттар (жень-шень, левзея, марал түбірі тұнбалары, пантокрин) қолданыс табуда.



Натрия нуклеинат

Кең спектрлі биологиялық активтілігі бар. Лейкоцитарлы реакцияны индуцирлейді, сүйек кемігінің қызметін, жасуша ішілік метаболизмді, нуклеин алмасуын реттейді. Поликлональді иммуностимулятор белсенділігіне ие, Т-лимфоциттердің миграциясын және Т және В лимфоциттердің көшіру үрдісін реттейді, макрофагтардың фагоцитарлы белсенділігін және иммуно тапшылық кезіндегі спецификалық емес қорғаныс факторларының өндірілуін стимулдайды. Ішке тамақтан кейін күніне 1-2г 3-4 рет, курс – 2 аптадан 3 айға дейін қабылдайды.



Гомеопатикалық препараттарды траумель С, энгистол, эхинация компазитум С пародонтиттің әр түрлі ауырлық дәрежесінде қолдануда олардың эффективтілігін әр түрлі салыстырмалы зерттеулер бойынша анықтады : а) пародонт тіндерінде қабыну үрдісі күшейгенде олардың эффективтілігі төмендиді; б) берілген дәрілердің эффективтілігі салу әдісіне байланысты емес; в) максимальді ісінуге қарсы (яғни қабынуға да қарсы) қасиетке траумель ие. Жакпа майды жұқа қабатпен немесе таңғыш ретінде қабынуы бар аймаққа күніне 2-3 рет 3-4 апта жағады.



Пародонт қабынуының алғашқы сатысында витаминдер тағайындау өте тиімді. Ал қабынудың орта және ауыр сатыларында маңыздылығы азайғанмен қыс және көктем кезінде емдеу курсы жүргізу керек.



Қазіргі кезде құрамында организмге қажетті витаминдердің барлығы, макро және микроэлементтер бар кешенді препараттар шығарылады. Оларды тағайындау өте тиімді және өкілдері: поливит, макровит, триовит, дуовит, витрум, олиговит, гинтон, геримакс, алфагин, супрадин, нейромультивит, мультитабс. Витаминдермен емдеу курсы 20-30 күн жүргізуге болады.



Пародонт тіндерінің гемодинамикасы мен трофикасына витаминді препараттар оң әсер ететіні дәлелденген. Бұл үшін А,В,Е тобындағы витаминдер қолданылады. Механикалық, антибактериальді өндеуден кейін А және Е витаминдерінің антиоксидантты активтілігі қабынуға қарсы айқын емдік әсер етеді. Ерекше мән С витаминіне беріледі, ол коллагенді синтездеуге қатысады, қышқылға қарсы әсер ете отырып қан тамырларының қабырғасының өткізгіштігін қалпына келтіре отырып ісінуді және қабынуды төмендетеді.

Иммудон жергілікті иммунитетті жоғарылатады.
Пародонт ауруының бастапқы сатысында қолданылады.
Жергілікті иммуномодуляторлар аппликация, инстиляция,
аэрозольді ингаляция, ультрафонофорез: 0,01% ер.
декаристің, 2 % нуклеинат натрий ерітінді, 0,01%
тималин ерітінді түрінде қолданылады.



Левамизол (Levamisole)

Фармакологиялық әсері: иммуномодуляциялық активті қасиеті бар. Әсер ету механизмі Т-лимфоциттердің активациясы және пролиферациясымен байланысты, моноциттердің санының көбеюімен, макрофагтардың активтілігінің жоғарылауымен (фагоцитоз және хемотаксис бар).

Көрсеткіш: иммуностимуляторлар түрінде біріншілік және екіншілік имунодефицит жағдайында, аутоиммунды ауруларда, созылмалы және қайталамалы инфекцияларда.

Қолдану дозасы: 1 таб. (0,15 г.) күніне 3 рет арасына 5 күн салып, барлығы 2-3 курс.



Иммунал (настойка эхинацеи)


Фармакологиялық әсері: иммуномодуляциялық активтілікке ие.

Қолдану дозасы: 15 тамшыдан күніне 3 рет 20 күндей. Спецификалық емес иммунитетті жоғарылатады. Ауыз қуысының шырышты қабатының қабыну ауруларында және пародонт тіндерінің (афтозды стоматит, периодонтит, остеомиелит, гингивит) ауруларында қолданылады.




Женшень

Өсімдіктің түбірі алколидтерді, смоланы, С витаминің, күкірт және фосфор, еменді заттар, сонымен қатар макро-және микроэлементтерді қамтиды. Өсімдік организмге ауруды басатын және әлдендіретін әсер етеді. Дәрілік қасиетіне байланысты женшень артериальды қысымды қалпына келтіреді және эндокринді жүйенің қызметін жоғарлатып, қандағы қантты төмендетеді.



50 грамм кұрғақ уақталған өсімдік тамырын алып 500мл спирт қосамыз және 50 грамм бал қосуға болады. 3 аптаға жылы жерге тұндырып қоямыз, шайқап тұру қажет. Бұл дәріні тамаққа дейін бір шай қасық қабылдау керек.





Қорытынды

Пародонт аурулары кезінде толық нәтижелі ем болу үшін тек жергілікті ем ғана емес жалпылама емнің маңызы зор. Сондықтан жалпы организмді жақсартатын қазіргі таңда көптеген дәрі-дәрмектер қолданылады. Соның ішінде иммунотерапияның алатын орны ерекше. Қазіргі таңда көптеген зерттеулер пародонт қабынуының орта және ауыр түрлері бар науқастарға иммундық қорғаныстың жетіспеушілігі орын алатының анықтаған. Сол себепті иммунитетті реттеуші және жоғарылатушы препараттар тағайындаған жөн. Иммунотерапияны тек иммунологтың тағайындалуымен қабылдау керек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Хаитов Р.?М., Пинегин Б.?В. Иммуномодуляторы: механизм действия и клиническое применение // Иммунология. 2003. № 4, с. 196–203.
2. Хаитов Р.?М., Пинегин Б.?В. Современные иммуномодуляторы: основные принципы их применение // Иммунология. 2000. № 5, с. 4–7.
3. Хаитов Р.?М., Пинегин Б.?В. Иммуномодуляторы и некоторые аспекты их клинического применения // Клини. мед. 1996. Т. 74. № 8, с. 7–12.
4. Машковский М.?Д. Препараты, коррегирующие процессы иммунитета (иммуномодуляторы, иммунокорректоры) В кн.: Машковский М.?Д.? Лекарственные средства: (пособие для врачей). М., 1993. Ч. 2. С. 192–209.
5. Коровина Н.?А. с соавт. Иммунокоррегирующая терапия часто и длительно болеющих детей: Руководство для врачей. М., 1998.
6. Петрова Т.?И., Сахарова А.?С. Краткий справочник иммунолога: Методические рекомендации. Чебоксары, 2002.
7. Костинов М.?П. Основы вакцинопрофилактики у детей с хронической патологией. М., 2002. 318 с.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ !!!

